

Банктің кастодиандық қызметінің есебі

1. Кастодиандық операциялар есебінің жүргізілу тәртібі
2. Зейнетақы активтерінің есебі
3. Коммерциялық банктердің жарналарына орналастырылған зейнетақы активтерімен байланысты операциялар және кері «РЕПО» операцияларының есебі

1 Кастодиандық операциялар есебінің жүргізілу тәртібі

«АТФБанк» Акционерлік Қоғамы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиан қызметін жүзеге асырумен айналысады. Кастодиан қызметтерін көрсету – клиенттердің қаржылық құралдарын және қаражатын есептеу бойынша және олар бойынша құқықтарды растау, олардың сақталуы бойынша өзіне міндеттемелер қабылдау арқылы клиенттердің құжаттамалық қаржылық құралдарын сақтау және Қазақстан Республикасының номративтік-құқықтық актілеріне сәйкес басқа да қызметтер сияқты бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет болып табылады. Егер клиент қаржылық қызметтерді Қазақстан Республикасының аумағында көрсететін болса, Кастодиан өзінің клиентіне аффилиирленген болмауы керек.

Банк- кастодиан үш жақты, клиентпен (Клиент) және бағалы қағаздар портфелінің басқарылуымен айналысатын ұйыммен, сонымен қатар Жинақтаушы Зейнетақы Қоры мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруымен айналысатын ұйыммен кастодиандық келісім шарттарға отырады. Жоғарада атап айтқандай, бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметпен айналысатын банк, сейфтік және кастодиандық қызметке лицензия негізінде жұмыс жасайды. Зейнетақы қоры, Сақтандыру компаниясы мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен айналысатын және портфель мен кастодианға бақылау жүргізетін ұйым арасындағы үш жақты кастодиандық келісім шарт негізінде, соңғысы инвестициялық шот, зейнетақы төлемдері шоты мен қаржылық құралдар есебін жүргізетін шоттарын ашады.

«АТФБанк» Акционерлік Қоғамы банк - кастодиан ретінде келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

ақша, эмиссиялық бағалы қағаздар және кастодиан қызметін көрсетуге берілген басқа да қаржылық құралдарға қатысты клиентке есепшоттар ашу;

ақша, эмиссиялық бағалы қағаздар және кастодиан қызметін көрсетуге берілген басқа да қаржылық құралдарды есептеуді жүзеге асыру;

клиенттердің эмиссиялық қағаздары бойынша мәмілелерді тіркеу мен аталған бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау;

клиентке кастодиан қызметін көрсету бойынша шартпен қарастырылған басқа да қызметтер көрсету;

жинақтаушы зейнеткерлік қорларының клиенттеріне зейнеткерлік активтерді орналастыру бойынша инвестициялық табысты есептеуді жүзеге асыру.

зейнеткерлік қорлардың ағымдық есепшоттары бойынша кредиттік және дебеттік төлемдерді өңдеу.

инвестициялық қордың акциялары немесе пайдларын орналастыру менс атып алуды бақылау.

инвестициялық қор активтерінің бағасын, қозғалысын және құрамын есептеу, сонымен қатар келесі орналастыру немесе сатып алу барысында пайлар бағасын есептеуді жүзеге асыру.

инвестициялық қор активтерінің бағасын, қозғалысын және құрамын кезеңдік, бірақ айына бір реттен сиретпей, салыстыруды жүзеге асырып отыру.

инвестициялық қор активтерін есептеу мен сақтау бойынша кастодиан шартының әрекетін тоқтату барысында жаңа кастодианға инвестициялық қор активтерін және осы қор бойынша құжаттарды беру.

инвестициялық қорды басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қызметіндегі анықталған

кемшіліктер туралы жазбаша түрде өкілетті ұйымға олар табылған сәттің ертеңінен кешіктірмей хабарлауы қажет.

инвестициялық портфельді басқару бойынша қызмет атқаруға пайлық инвестициялық қорды басқарушы компанияның лицензиясын қайтарған жағдайда ашық немесе аралықты пайлық инвестициялық қордың жаңа басқарушы компаниясын таңдау немесе қорда бекітілген тәртіпте және шарттарда жабық пайлық инвестициялық қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыруды қамтамасыз ету немесе пайлық инвестициялық қордың жұмыс істеуін тоқтату.

Қаржылық құралдары есебі үшін шотқа аудару және еспетен шығару және бағалы қағаздардың сақталуы, тек Кастодианның міндеттері негізінде іске асырылады.

– Кастодиандық қызмет көрсету үшін жіберілген ақша, клиенттің бағалы қағаздары мен басқа да қаржылық құралдар есебін жүргізі үшін шоттардың ашылуы;

– Кастодиандық қызмет көрсетуге жіберілген ақша, клиенттің бағалы қағаздары мен басқа да қаржылық құралдар есебін қамтамасыз ету;

– Бағалы қағаздарды номиналды ұстау функциясының жүргізілуі;

– Кастодиандық қызмет көрсетуге жіберілген қаржылық құралдар мен бағалы қағаздармен жүргізілген келісімдер бойынша төлем агенті функциясының орындалуы;

– Клиенттердің бағалы қағаздар бойынша келісімдерінің және бағалы қағаздарға деген құқықтың расталуының тіркелуі;

– Кастодиандық қызмет көрсетуге жіберілген клиенттердің бағалы қағаздары, ақша мен басқа да қаржылық құралдар бойынша табыстардың алынуы мен, клиенттің шотына аударылуы;

– Эмитенттің тапсырысы бойынша клиентке ақпараттардың берілуі;

– Клиентке кастодиандық келісім шартта көрсетілген басқа қызмет түрлерін көрсету;

– Бағалы қағаздар мен басқа да қаржылық құралдардың қағаз құжаттамаларында сақталуы.

Кастодиан инвестициялық зейнетақы шоттары мен сақтандыру компанияларының инвестициялық шоттарында ақша қозғалысы есебін басқа клиенттердің инвестициялық шоттарында жүргізеді; зейнетақы активтерінің қозғалысы мен басқа клиенттердің активтерінің қозғалысынан болатын операциялардың күнделікті есебімен қамтамасыздандырады; ақшалардың шоттар бойынша қозғалысын Ұйым мен Клиентке ақпарат беріп отырады.

Құнды қағаздар мен басқа да құралдарға салынған зейнетақы активтерінің есебі, меморандум шоттарында жүргізіледі. Өзге де клиенттердің қаржылық құралдарының есебі де меморандум шоттарында жүргізіледі. Бағалы қағаздар есебі эмитент, валюта түрі ,айналым мерзімі бойынша жүргізіледі. Екінші деңгейлі банк салымдарында орнатылған зейнетақы активтерінің есебі меморандум шоттарында көрініс табады. Екінші деңгейлі банк салымдарында орнатылған зейнетақы активтерінің аналитикалық есебі банктің кесінділерінде, валюта түрі мен айналым мерзімі.

Екінші деңгейлі банк салымдарына және бағалы қағаздарына орнатылған зейнетақы активтері бойынша сый -ақы күнделікті есептелініп отырылады.

Зейнетақы активтерінің есебінен болған бағалы қағаздардың әдәлетті құнының қайтабағалануы АҚ «Қазақстанның Қор Биржасының» ұсынылған котировкалары бойынша апта сайын жүргізіледі. Өзге де клиенттердің бағалы қағаздарының әдәлетті құнының қайтабағалануы жүргізілмейді және инвестициялық табыстың есептелінуі де қарастырылмайды.

Екінші деңгейлі банк салымдарына орнатылған зейнетақы мен басқа да клиенттердің активтері бойынша есеп анализы «Депозитарий» жүйе негізінде енгізілген ақпарат негізінде іске асады. Келісім жасасқан күнәі сол жүйеге келісім туралы ақпараттар енгізіледі: бағалы қағаздар бойынша операциялар (сату,сатып алу, РЕПО және КЕРІ Репо операциялары), бағалы қағаздың атауы, саны; шығару шартымен келіскен бағалы қағаздың бағасы, бағалы қағаз шығарылған шетел валютасының курсы; бағалы қағаздардың шығарылған датасы;

өтелім датасы; шығарылым көлемі; салымдарға орналастыру операциялар бойынша (орналастыру банкі, депозит сомасы, өтелу датасы); эмитент туралы мәліметтер (аталуы, мемлекеттік тіркелім органы). Шетел валютасында номиналдалған бағалы қағаздаға күнделікті курстық айырма есептелінеді.

Банктің клиенті сатушы болып табылатын қорлық биржаның сауда алаңында автоматты тәсілмен «РЕПО» ашу операциясын өткізу барысында актив клиенттің жеке есепшотындағы «негізгі» тарауынан шығарылатын болады. Егер бір операциялық күннің ішінде Банк есептік институттан клиенттердің активін есептеу үшін ашылған Банктің есебінен активті шығару туралы есеп алынбаған жағдайда актив «негізгі» тарауынан шығарылып, «жол» тарауына жазылады. Есептік институттан алынған есепті алғаннан кейін актив «жол» тарауынан шығарылады.

Банктің клиенті сатушы болып табылатын қорлық биржаның сауда алаңында автоматты тәсілмен «РЕПО» жабу операциясын өткізу барысында актив клиенттің жеке есепшотындағы «негізгі» тарауына жазылатын болады. Егер бір операциялық күннің ішінде Банк есептік институттан клиенттердің активін есептеу үшін ашылған Банктің есебіне активті жазу туралы есеп алынбаған жағдайда актив «негізгі» тарауына жазылады. Есептік институттан алынған есепті алғаннан кейін актив «есептер» тарауынан есептен шығарылады да, «негізгі» тарауына жазылады.

Банктің клиенті сатып алушы болып табылатын қорлық биржаның сауда алаңында автоматты тәсілмен «РЕПО» ашу операциясын өткізу барысында актив клиенттің жеке есепшотындағы «РЕПО» тарауына жазылатын болады. Егер бір операциялық күннің ішінде Банк есептік институттан клиенттердің активін есептеу үшін ашылған Банктің есебіне активті жазу туралы есеп алынбаған жағдайда актив «есептер» тарауына жазылады. Есептік институттан алынған есепті алғаннан кейін актив «есептер» тарауынан есептен шығарылады да, «РЕПО» тарауына жазылады.

Банктің клиенті сатушы болып табылатын қорлық биржаның сауда алаңында автоматты тәсілмен «РЕПО» жабу операциясын өткізу барысында актив клиенттің жеке есепшотындағы «РЕПО» тарауынан шығарылатын болады. Егер бір операциялық күннің ішінде Банк есептік институттан клиенттердің активін есептеу үшін ашылған Банктің есебіне активті жазу туралы есеп алынбаған жағдайда актив «есептер» тарауына жазылады. Есептік институттан алынған есепті алғаннан кейін актив «есептер» тарауынан есептен шығарылады да, «РЕПО» тарауына жазылады.

Клиент активтерді сатушы болып табылатын «РЕПО» жабу операциясын өткізу барысында немесе қорлық биржаның сауда алаңында клиент сатушы болып табылатын «РЕПО» жабу операциясын өткізу барысында мәміленің сомасын төлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі Банктің корреспонденттік есепшотындағы Орталық ақша депозитарийінен акцептсіз шығару жолымен жүзеге асырылады. Банктің қорлық биржасының сауда жүйесін растау жүйесіндегі мәмілені растауға дейін клиент РЕПО мәмілесінің сомасына Банктің корреспонденттік есепшотын толтыруға міндетті болып табылады.

Клиент активтерді сатушы болып табылатын «РЕПО» жабу операциясын өткізу барысында немесе қорлық биржаның сауда алаңында клиент сатушы болып табылатын «РЕПО» ашу операциясын өткізу барысында мәміленің сомасын төлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі Банктің корреспонденттік есепшотындағы Орталық ақша депозитарийінен акцептсіз шығару жолымен жүзеге асырылады. Банктің қорлық биржасының сауда жүйесін растау жүйесіндегі мәмілені растауға дейін клиент РЕПО мәмілесінің сомасына Банктің корреспонденттік есепшотын толтыруға міндетті болып табылады.

Биржадан тыс нарықта клиент жасаған РЕПО мәмілелері бойынша, мәміленің сомасын төлеуді клиент өз бетімен мәміле бойынша контрсеріктестің ағымдық есепшотынан ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

Банктің клиенті сатушы болып табылатын активті сатушы ретінде ұсынылатын «РЕПО»

ашу операциясы бойынша мәміленің сомасы немесе Банктің клиенті сатып алушы болып табылатын активті сатушы ретінде ұсынылатын «РЕПО» ашу операциясы бойынша мәміленің сомасы клиенттің ағымдық есепшотына тікелей немесе Банк және Банктің клиенттерінің мәмілелері бойынша есептесу үшін ашылған Банктің транзиттік есепшотына түсе алады. Банктің транзиттік есепшотына ақша түскен жағдайда Банк клиентті ақша түсуі туралы ауызша хабардар етеді. Клиент өзінің ағымдық есепшотына ақша аударылуына еркін түрдегі бұйрық беруге міндетті болып табылады.

Операциялар осы Ережелерге №4 Қосымшасының формасы бойынша клиенттің бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Клиенттің жеке есепшотындағы РЕПО тарауында орналасқан актив азаматтық-құқықтық мәмілелер объектісі бола алмайды.

«РЕПО» операциясының объектісі болып табылатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға құқы бар бағалы қағаздар ұстаушыларының тізімі (облигациялар бойынша купондық сыйақы, акциялар бойынша дивидендтер) Орталық депозитарий ережелерінің Жиынтығының ережелеріне сәйкес жасалады.

Банк қолданып жүрген заң негізінде белгіленген мөлшерде қаржылық құралдар түрлері бойынша зейнетақы активтерін мақсатты түрде инвестициялануын қадағалайды.

Клиенттердің сақтауға берген ақшаларының есебі екінші кластағы баланстық инвестициялық шоттарында жүргізіледі. Кастодиан әр айдың соңында кастодиандық қызметі бойынша табыстардың есептелуін жүргізеді.

Сонымен қатар, әр айдың соңында Орталық Депозитарий және Кастодианмен көрсетілген қызметтер бойынша шығындардың есептелуі жүргізіледі.

Кастодиан Орталық Депозитарий және Кастодианмен бағалы қағаздарды сақтау мен операциялар бойынша көрсетілген қызметтері үшін есептесулерін жүргізеді.

Сонымен қатар, Орталық Депозитарийден алынған шот-фактура мен Кастодиандағы ақша қаражаттардың қозғалысы бойынша шоттардың көшірмесі негізінде, Банк Ұйым мен Клиентті көрсетілген қызметтердің құнын өтудің керектігін хабарлайды. Кастодиан өтеу сомасының Банкке нақты түскеннен кейін шоттардың үйлесімді реттелуін жүргізеді.

Банк кастодиан қызметін көрсетуге берілген клиент активтерімен операциялар, клиенттің тиісті бұйырығынсыз кез келген операцияларды жасауға құқығы жоқ болып табылады.

Банк өзіне кастодиан қызметін көрсетуге берілген клиент активтерін өзінің мүдделерінде пайдалануға, оның ішінде өзінің міндеттемелері бойынша клиент активтерімен жауап беруге, кепілге беру, немесе аталған активтерге қатысты үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыру мақсатында басқа да іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ болып табылады. Банк егер осы іс клиентке зиян келтіретін немесе келтіруі мүмкін немесе Банктің заңсыз баюына әкеліп соқтыратын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін клиенттің активтері туралы ақпаратты қандай да бір жағдайда пайдалануға құқығы жоқ болып табылады.

Клиенттің активтерімен операциялар сауда ұйымдастырушысы мен орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес тіркелетін бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында жасалған мәмілелерден басқа, клиенттің бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Банктің номиналды ұстаушысын есептеу жүйесінде жасалатын бағалы қағаздардың қазақстандық рыногында бағалы қағаздармен жасалатын операциялар клиенттен бұйрық қабылдау сәтінен бастап бір сағаттың ішінде орталық депозитарийге тиісті формадағы бұйрықты Банктің беруі жолымен орталық депозитарий есебінің жүйесінде немесе операция сауда ұйымдастырушысының сауда жүйесінде өткен жағдайда, сауда ұйымдастырушысы жұмысының регламентіне сәйкес орталық депозитарийге тиісті формадағы бұйрықты беру жолымен бағалы қағаздарымен жасалған операцияларды көрсетеді. Банктің номиналды ұстау жүйесінде жасалатын бағалы қағаздардың халықаралық рыногындағы бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үлкен кастодианның формасында бекітілген бұйрық беру жолымен немесе факсимильді байланыс

құралдарымен немесе SWIFT жүйесі арқылы үлкен кастодиан резиденттілік елінің заңнамасына және үлкен кастодиан елінің регламентіне сәйкес Банктің номиналды ұстауды есептеу жүйесінде жасалатын жүйеде көрінетін болады. Банк есеп алынған операциялық күннің ішінде үлкен кастодианнан операциялар ажсау туралы есеп алынғаннан кейін Банктің номиналды ұстау есебінің жүйесінде бағалы қағаздармен операцияларды көрсетеді. Клиенттің активтерімен мәмілелер бойынша клиенттердің қаражатымен жасалатын операциялар банк-клиент жүйесі бойынша немесе курьерлермен берілген төлем тапсырмаларының түпнұсқалары негізінде жүзеге асырылады.

Клиенттің активтерімен жасалатын операциялар (бағалы қағаздар болып табылмайтын) Банктің клиентке ұсынатын аталмыш активпен мәміле жасау шартының көшірмесі негізінде жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда, клиенттің қаражатын пайдалану және оның активтерінің қолғалуын қамтамасыз ету мақсатында Банк клиенттен жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тіркеу бойынша мемлекеттік орталықтарынан растаушы құжаттар және басқа да құжаттарды, Банктің аффинирленген бағалы металдарды сатып алу/сату бойынша есептерін, Банктің депозиттер қабылдау бойынша есептерін, жасалаған мәміле туралы сауда ұйымдастырушының есептерін, есептік институттардың есептерін, трейд тикеттерді, брокердің есептерін, брокерге берілген бұйрықтарды, клиент активімен мәмілелер жасау бойынша бұйрықтар мен шарттарға қосымша мәміле бойынша және есептердің тәртібі туралы ақпаратты бөліктеп қарастыратын құжаттарды ұсынуды Банк талап ете алады, ал клиент ұсынуға міндетті болып табылады.